



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына**

2023 жылғы 25 сәуірдегі № ДС-95 хатқа

Құрметті депутаттар!

Сіздердің депутаттық сауалдарыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

Ауыл шаруашылығы саласы субъектілерінен алынатын салықтардың негізгі бөлігі (*ҚҚС және КТС-тан басқа*) жергілікті бюджеттердің кірістеріне түседі.

Бұл саланы салық төлеуден босату жергілікті бюджеттердің шығындарына әкеледі.

Сонымен қатар бұл басқа салалардың субъектілері тарапынан осы тәріздес ұсыныстар көтерілген қосымша өтініштерге алып келіп, ұқсас жағдайлардың туындауына негіз болады.

2021 жылғы статистика бойынша республикада 241,4 мың ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілер тіркелді, олар бюджетке 87,1 млрд теңге төледі.

2022 жылы олардың саны 248 мыңға дейін өсті, олар бюджетке 105,4 млрд теңге төледі, оның ішінде арнайы салық режимі бойынша:

1) шаруа және фермер қожалықтары бойынша:

2021 жылы салық төлеушілер саны 179,5 мыңды құрады, бюджетке 1,6 млрд теңге салықтар мен төлемдер төленді;

2022 жылы салық төлеушілер саны-185,3 мың, бюджетке 3,3 млрд теңге салықтар мен төлемдер төленді.

2) ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер бойынша:

2021 жылы салық төлеушілер саны 8,3 мыңды құрады, бюджетке 37,6 млрд теңге салықтар мен төлемдер төленді;

2022 жылы салық төлеушілер саны-10,3 мың, бюджетке 47,4 млрд теңге салықтар мен төлемдер төленді.

Ауыл шаруашылығында бизнесті жүргізу және кеңейту шарттарын жақсарту үшін Үкімет «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп мемлекеттік қолдаудың кешенді шараларын қабылдауда.

Сонымен, қолданыстағы салық заңнамасында бірқатар салықтық жеңілдіктер қарастырылған:

- ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілер мен ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін арнаулы салық режимі (*бұдан әрі – АСР*);

- шаруа немесе фермер қожалықтары үшін АСР;

- ауыл шаруашылығы өндірушілері үшін корпоративтік табыс салығы бойынша 10% мөлшерінде төмендетілген мөлшерлеме;
- агроөнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы ұйымның бюджеттік субсидиясын қосылған құн салығынан (*бұдан әрі – ҚҚС*) босату;
- есепке жатқызылатын ҚҚС-тың қосымша сомасы. Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеушілерге ҚҚС сомасы 70%-ға азаяды;
- жабдықтар, ауыл шаруашылығы техникасы, қосалқы бөлшектер, пестицидтер (улы химикаттар), барлық түрдегі асыл тұқымды мал және қолдан ұрықтандыруға арналған жабдық, ірі қара мал бойынша есепке жатқызу әдісімен импортталатын тауарларға ҚҚС төлеу.

Бұл ретте агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне салық салуды жетілдіру жөніндегі жұмыс тұрақты негізде жүргізіледі.

Мысалы, 2020-2021 жылдары Үкімет бизнес-қоғамдастықпен бірлесіп ауыл шаруашылығы саласына салық салудың ұзақ мерзімді моделі бойынша ұсыныстар әзірлеу бойынша жұмыс жүргізді.

Салық салудың түрлі тәсілдері аграрлық сектор өкілдерімен де талқыланды. Атап айтқанда, Қазақстан фермерлер қауымдастығы, «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы қолданыстағы режимдерді қолданудың орындылығын атап өтті.

Талқылау қорытындысы бойынша шаруа және фермер қожалықтары үшін қолданыстағы салық жүктемесін (салық мөлшерлемесін) сақтау туралы шешім қабылданды.

Бұдан басқа, мемлекеттік қолдаудың бірқатар шаралары елдің бағдарламалық құжаттары (*ұлттық жобалар, ҚР агроөнеркәсіптік кешенін дамыту жөніндегі тұжырымдама және т. б.*) шеңберінде іске асырылады, олардың негізгі мақсаттары ішкі нарықты отандық тауарлармен қанықтыруды арттыру және өнімнің өсуін қамтамасыз ету, қайта өңдеу кәсіпорындарының материалдық-техникалық базасын жаңғырту, өндірілетін өнім желісін кеңейту, кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау, қайта өңдеудің жаңа технологияларын енгізу, сондай-ақ жаңа өндірістерді ұйымдастыру болып табылады.

Ауыл шаруашылығындағы стратегиялық міндет елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ететін бәсекеге қабілетті ауыл шаруашылығы өндірісін қалыптастыру болып табылады.

Бүгінгі таңда Мемлекет басшысының 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында айтылған тапсырмаларын орындау аясында мүдделі мемлекеттік органдар бизнес-қоғамдастық өкілдерімен, «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп жаңа Салық кодексін әзірлеу бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Осы жұмыс шеңберінде өндіріс, инвестициялар көлемдерінің өсуін ынталандыруды арттыру, инновацияларды енгізу, сондай-ақ жұмыспен қамтуды арттыру мақсатында салық салуды одан әрі жетілдіру мәселелері пысықталуда.



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Депутатам
Мажиліса Парламентa
Республики Казахстан

На № ДС-95 от 25 апреля 2023 года

Уважаемые депутаты!

Рассмотрев ваш депутатский запрос, сообщаю следующее.

Основная часть налогов от субъектов сельскохозяйственной отрасли (*кроме НДС и КПП*) поступают в доходы местных бюджетов.

Освобождение данной отрасли от уплаты налогов приведет к потере местных бюджетов.

Кроме того, это создаст прецедент и повлечет дополнительные обращения со стороны субъектов других отраслей с аналогичными предложениями.

По статистике за 2021 год, в республике было зарегистрировано 241,4 тыс. производителей сельскохозяйственной продукции, которые выплатили в бюджет 87,1 млрд тенге.

За 2022 год их количество возросло до 248 тыс., ими уплачено в бюджет 105,4 млрд тенге, в том числе по специальному налоговому режиму:

1) по крестьянским и фермерским хозяйствам:

за 2021 год количество налогоплательщиков составило 179,5 тыс., уплачено в бюджет 1,6 млрд тенге налогов и платежей;

за 2022 год количество налогоплательщиков - 185,3 тыс., уплачено в бюджет 3,3 млрд тенге налогов и платежей.

2) по сельхозтоваропроизводителям:

за 2021 год количество налогоплательщиков составило 8,3 тыс., уплачено в бюджет 37,6 млрд тенге налогов и платежей;

за 2022 год количество налогоплательщиков - 10,3 тыс., уплачено в бюджет 47,4 млрд тенге налогов и платежей.

Для улучшения условий по ведению и расширению бизнеса в сельском хозяйстве Правительством совместно с Национальной палатой предпринимателей «Атамекен» принимаются комплексные меры государственной поддержки.

Так, действующим налоговым законодательством предусмотрен ряд налоговых льгот:

- специальный налоговый режим (*далее – СНР*) для производителей сельскохозяйственной продукции и сельскохозяйственных кооперативов;
- СНР для крестьянских или фермерских хозяйств;
- сниженная ставка по корпоративному подоходному налогу для сельхозпроизводителей в размере 10%;

- освобождение от налога на добавленную стоимость (*далее – НДС*) бюджетной субсидии заготовительной организации в сфере агропромышленного комплекса;
- дополнительная сумма НДС, относимого в зачет. Переработчикам сельскохозяйственной продукции сумма НДС уменьшается на 70%;
- уплата НДС на импортируемые товары методом зачета по оборудованию, сельскохозяйственной технике, запасным частям, пестицидам (ядохимикаты), племенным животным всех видов и оборудованию для искусственного осеменения, крупному рогатому скоту.

При этом работа по совершенствованию налогообложения субъектов агропромышленного комплекса проводится на постоянной основе.

К примеру, в 2020-2021 годах Правительством совместно с бизнес-сообществом проведена работа по выработке предложений по долгосрочной модели налогообложения сельскохозяйственной отрасли.

Различные подходы по налогообложению обсуждены и с представителями аграрного сектора. В частности, Ассоциацией фермеров Казахстана, Национальной палатой предпринимателей «Атамекен» отмечена целесообразность применения действующих режимов.

По итогам проведенных обсуждений было принято решение о сохранении действующей налоговой нагрузки (налоговой ставки) для крестьянских и фермерских хозяйств.

Кроме того, ряд мер государственной поддержки реализуются в рамках программных документов страны (*национальные проекты, Концепция по развитию агропромышленного комплекса РК и др.*), основными целями которых являются повышение насыщения внутреннего рынка отечественными товарами и обеспечение роста продукции, модернизация материально-технической базы перерабатывающих предприятий, расширение линейки производимой продукции, субсидирование ставки вознаграждения по кредитам, внедрение новых технологий переработки, а также организация новых производств.

Стратегической задачей в сельском хозяйстве является формирование конкурентоспособного сельскохозяйственного производства, обеспечивающего продовольственную безопасность страны.

На сегодня в рамках исполнения поручений Главы государства, озвученных в Послании народу Казахстана от 1 сентября 2022 года, заинтересованными государственными органами совместно с представителями бизнес-сообщества, Национальной палатой предпринимателей «Атамекен» ведется работа по разработке нового Налогового кодекса.

В рамках данной работы прорабатываются вопросы по дальнейшему совершенствованию налогообложения с целью повышения стимулирования роста объемов производства, инвестиций, внедрению инноваций, а также повышению занятости.

А. Смаилов